

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы хаттама жобасына қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 366 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы хаттама жобасына қол қою туралы ұсыныс енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

**2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз
Республикасының қосылуы туралы шартқа Армения Республикасының
қосылуы туралы
ХАТТАМА**

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы бір тараптан және Армения Республикасы екінші тараптан, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың 1-бабы төртінші абзацының ережелерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың 2015 жылғы 2 қаңтарда күшіне енгенін назарға ала отырып және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қ о й ы л ғ а н ы н е с к е р е о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттамамен Армения Республикасы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартқа қосылады.

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап, бірақ 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

_____ қаласында 2015 жылғы «___» _____ орыс тілінде бір төлнұсқа
д а н а д а ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, осы Хаттамаға қатысушы әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Федерациясы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>
<i>Армения Республикасы үшін</i>			